

6D080800 – Топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған Маханова Улбосын
Медетовнаның

«Тұзданған топырақтарды жалаң мия дақылының (*Glycyrrhiza glabra* L.)
көмегімен тұзсыздандырудың биологиялық әдістерін жасау»
тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшісінің

ШҚІРІ

Маханова У.С. «Тұзданған топырақтарды жалаң мия дақылының (*Glycyrrhiza glabra* L.) көмегімен тұзсыздандырудың биологиялық әдістерін жасау» тақырыбын зерттеуде еліміздің өзекті де күрделі мәселелерінің бірі Оңтүстік Қазақстанның әртүрлі дәрежеде тұзданған топырақтарының химиялық және агрофизикалық қасиеттерін жақсартуға, олардың сортаңсыздануына бағытталған жалаң мияны (*Glycyrrhiza glabra* L.) өсірудің технологиясын әзірлеуге бағытталған жұмыс жүргізді.

Топырақтың сортаңдануы әлемнің қуаң аймақтарында топырақ құнарлығын шектейтін негізгі деградациялық процестердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында сортаңды және сортаң топырақтардың ауданы 111,6 млн га құрайды, бұл жалпы ауданның 41,0 пайызы. Зерттеу жұмыстары жүргізілген Түркістан облысының суармалы жерлерінде жалпы аумақтың 42% (566,55 мың га) тұзданған, 30% сәл тұзданған, сондықтан бұл экономика мен ауыл шаруашылығының өнімділігіне өте жағымсыз әсер етеді, нәтижесінде халықтың ең тығыз орналасқан (1 шаршы км-ге шамамен 20 адамнан келеді) аумақта әлеуметтік жағдайының нәшәрлауына әкеледі.

Тұзданған топырақтарды тұзсыздандырудың әдісінің бірі ол биологиялық әдіс (фитомелиорация). Фитомелиорация - топырақтағы ерітінді тұздарды сыртқа өсімдік арқылы шығарудың биологиялық әдісі. Бұл биологиялық әдісті көбінесе өсімдіктің жабайы түрлерін пайдалану арқылы іске асырады.

Сондықтан «Тұзданған топырақтарды жалаң мия дақылының (*Glycyrrhiza glabra* L.) көмегімен тұзсыздандырудың биологиялық әдістерін жасау» тақырыбын зерттеу ғылыми және практикалық жағынан да өзекті болып табылады. Республиканың одан әрі экономикалық дамуы жағдайында аграрлық сектор және елдің азық-түлік қауіпсіздігі маңызды орын алады. Зерттеулер ең күрделі мәселелерді іс жүзінде шешу, суармалы жерлердің тұзданған топырақтарын үнемді пайдалану жөніндегі шараларды ғылыми негіздеуге және жасауға мүмкіндік береді, бұл оңтүстік өңірінің ауылшаруашылық өндірісін нығайтуға және кеңейтуге ықпал етеді.

Диссертация жұмысы ҚР Ауыл шаруашылық министрлігімен 2018-2020 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру шеңберінде «Түркістан облысының суармалы тұзды топырақтарының проблемалары және оларды топырақтың құнарлылығы мен өнімділігін арттырудың инновациялық технологияларын пайдалану негізінде шешу»

(Мемлекеттік тіркеу нөмірі - 01180PK1386)" ғылыми бағдарламасы бойынша жүргізілді.

У. Маханова зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін таңдап алған тақырыбы бойынша жұмыс жоспарын түзіп, ғылыми зерттеу әдістерін жан-жақты меңгеріп, уақтылы тынақты орындап және жеке теориялық білімін тереңдете білді. Алдына қойған мақсатына жету үшін барлық міндеттерді толықтай орындады.

Далалық зерттеу мен аналитикалық зерттеу жұмыстарының барлығын Ө.О.Оспанов атындағы Топырақтану және агрохимия ҒЗИ-ң ғалымдарымен бірлесе отырып, басынан аяғына дейін белсенді орындады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерінен алынған мәліметтерін баспа беттеріне жариялады. Осы диссертациялық жұмысқа байланысы 5 ғылыми еңбектері жарық көрді, оның ішінде – ҚР БҒМ білім және ғылым аясындағы бақылау Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарында – 4 мақала; Skopus компаниясы мәліметтерінің базасына енетін журналда – 1 мақала, 1 - өндіріске ұсыныс берілген.

У. Маханова диссертациялық жұмысының мақсаты тақырыптың мәтініне сай мәліметтермен тынақталған және баспадан шыққан ғылыми мақалаларына сәйкес.

Диссертациялық жұмыста кездескен кемшіліктермен қателіктерді У. Маханова толықтай ескере отырып түзеді.

Дайындалған докторлық диссертациялық жұмыс талаптарға сай орындалған. Докторант У. Маханова өзінің ғылыми жетістіктерімен және зерттеулер жүргізуді меңгергендік деңгейімен 6D080800 – Топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі,
Қазақ топырақтану және
Агрохимия ғылыми зерттеу
Институтының Топырақ құнарлығы
және биологиясы бөлімінің
БҒҚ, а.ш.ғ. кандидаты, доцент


М. Ибраева

«Ө.О. Оспанов атындағы топырақтану
және агрохимия зерттеу орталығы»
Растаймын: Ғылыми кеңесші
Қолы: М.И.Ибраева 24.10.2025 ж.